



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ



АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ



Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО және ИСЕСКО
істер жөніндегі Ұлттық Комиссиясы

ICOM

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҰРАЖАЙЛАР ОДАҒЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ СОВЕТ МУЗЕЕВ
INTERNATIONAL COUNCIL OF MUSEUMS

№2/2014
наурыз/март



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«Мәдениет –
қоғамның көркі»



7-9 бет.

Жалын жұтқан
Жанна д' Арк



10 бет.

Тепло старинного текемета



39-41 стр.

Напиток жизни и
долголетия



53 стр.

*Наурыз -
Мысы халқының тол мерекесі*



Құрылтайшы: «Атамекен» Қазақстан Картасы»
этно-мемориалдық кешені» МКҚК
Директор Ү. Д. Мұналбаева

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Редакция алқасы:

Б. Б. Мажагулов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының жетекшісі
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұразхан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Н. В. Шиврина	Астана қаласы қазіргі заман мұражайының директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал «Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие города Астаны» № 2/2014 г.
Издается с марта 2014 года
Периодичность – один раз в месяц
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и информации РК, Управления культуры акимата города Астаны.
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана,
Кургальджинское шоссе, 2/1
тел.: +7 (7172) 24-31-72
www.atamekenmar.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7
Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м²
Обложка формата А4 плотность 250 г/м²
Заказ № 2

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.

Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией редакции. За точность публикуемых сведений и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция оставляет за собой право редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.
Журнал отпечатан в собственной типографии
Тираж 1000 экз.

7	«Мәдениет – қоғамның көркі»
10	Жалын жұтқан Жанна д'Арк
11	Академический – это золотая рамка
13	«Творим вместе» – ғажайыптар әлемі
14	Мерекелік қойылым/Праздничный концерт
15	Отвечая взаимным интересам...
16	«Қазақ циркінің кенжелеп қалған тұстары бар»
19	Надо жить летаючи!
20	Концертті-гастрольді бірлестік
23	Өлең жырда – өлке тарихы
24	Мұражай – ғасырлар шежіресі
27	Ескерткіш – қайталанбас рухани мұра
28	Рамазан Бапов. Последний арабеск...
29	«Өмірлік ұстанымым – болашақ ұрпаққа із қалдыру»
30	Мұражайлар әлемі сыр шертеді
32	Уроки «живой» истории
34	Кітап сөресі
35	«Музейная педагогика» вышла в свет
36	«Музей – это приглашение к размышлению»
39	Тепло старинного текемета
42	Обучение – процесс непрерывный
45	Наурыз көже - қасиетті тағам
46	Наурыз мерекесі «Атамекенмен» бірге
48	Новости культуры
49	Мәдени ақпараттар
50	Көзқарас/Точка зрения
52	Қазақтың киіз үйі
53	Напиток жизни и долголетия
54	27 наурыз – Халықаралық театр күні
55	План мероприятий на Наурыз

УДК 069 (574)

ББК 79.1 (5 Каз)

И 42

Бас редактор – Әсем Сағиқызы

Бас редактордың орынбасары – Ильмира Рафкат

Тілшілер: Бағдат Хасенова, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы,

Аслан Есен, Әсем Сағидолла, Дмитрий Николаев, Асель Касымова,

Мирэль Шарипова

Дизайнер: Олжас Кожахметов

Фотограф: Ерсайын Болат

**АРМЫСЫҢ, ЖЫЛ БАСЫ - НАУРЫЗ!
С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ -
С ПРАЗДНИКОМ ВЕСНЫ И ОБНОВЛЕНИЯ!**



Құрметті астаналықтар мен қала меймандары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – тарихы терең дәстүрімізден бастау алған, бірлік пен татулықты ту еткен халқымыздың төл мейрамы. Іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Айбыны асқан, ізгілік шашқан өнегелі өркениетіміз бен мәдениетіміздің өлшемі. Көп ұлтты халқымыз оны қашанда айқара көңілмен, кемел пейілмен ерекше қарсы алады.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз отбасыларыңызға ырыздық пен несібе әкелсін!

Дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға бақ пен береке тілеймін!

Уважаемые астанчане и гости столицы!

Сердечно поздравляю Вас с прекрасным весенним праздником Наурыз мейрамы!

Ұлыстың ұлы күні – так традиционно величают в народе этот день, который считается символом возрождения и обновления природы. В это замечательное время люди подводят итоги прошлого, переосмысливают настоящее. Мы вступаем в новый период с уверенностью в себе и будущем нашей столицы. Все достигнутые успехи Астаны – результат созидательного труда каждого ее жителя.

От всего сердца желаю Вам удачи во всех начинаниях, исполнения самых сокровенных желаний! Пусть Наурыз мейрамы принесет мир и спокойствие, благополучие и процветание в каждый дом!

Иманғали Тасмағамбетов

Астана қаласының Әкімі

Құрметті оқырман!

Міне, осымен екінші рет «Астана қаласының мәдени мұрасы» атты республикалық басылымды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Журналымыздың алғашқы нөмірі тек таныстыру бағытында жарияланған материалдар бойынша жарыққа шықса, бұл жолы мазмұны ғылыми-танымдық мақалалармен толықты.

Басты мақалада «Мәдени мұра» айдарының қонағы – Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, прозаик, сценарийші, драматург Әкім Таразидан алған сұхбатымыздан бастадық. Жазушының журналымыздың тұсау кесер рәсімінде берген мәдени мұраның мәдени үлгісін қалай жасау керектігі, қоғамның көркі мен ұлттың мұратына айналғаны жөнінде айтқан ой-пікірін оқып, тамашалай аласыздар.

Сонымен қатар, «Астаналық цирк» МКҚК директоры Ерік Қалиұлы Жолжақсыновтың қазіргі қазақ циркінің дамуы барысындағы мәселелерге байланысты айтылған тұщымды ойы сұхбат барысында көрініс табады.

Бұл жолғы басылым көптеген жаңа айдарларымен ерекшеленген. Мәселен, «Театр», «Ескерткіштану», «Мұражай маманы», «Мұражай педагогикасы», «Мәдени ақпарат», «Поэзия» және т. б. Наурыз мерекесіне байланысты құттықтаулар мен мәдени жаңалықтар, елорда төңірегінде болып жатқан мәдени іс-шаралар жайында бірнеше мәліметтер берілген.

Ардақты ағайын! Қазақ елі үшін қасиетті де киелі саналған Ұлыстың ұлы күнінде пендешілік атаулыдан тазарып, бауырлас ел, ағайын, туысқан, дос-жарандар бір дастарханнан дәм татып, мерекені қарсы алғалы отыр. Қазақстан мемлекеті үшін жыл сайынғы дәстүрге айналған Наурыз мерекесінде қасиетті қара жерімізде қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпырып, қызылды-жасылды кілем төселеді.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ынтымағы жарасқан еліміздің бірлігі ұзағынан сүйіндіргей! Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын!

Құрметпен,
Әсем Сағиқызы

Уважаемые читатели журнала «Культурное наследие города Астаны»!

От имени представительства Россотрудничества поздравляю вас и в вашем лице всех граждан Республики Казахстан с прекрасным весенним праздником Наурыз!

Для нас, россиян, это не просто праздник добрых друзей и соседей. Его отмечают и представители ряда народов, проживающих в Российской Федерации,



в том числе многочисленная казахская диаспора, особенно в приграничных областях. Там Наурыз отмечают все вместе так же, как совсем недавно в Казахстане отмечали славянскую Масленицу. И это одно из свидетельств тесной духовной связи между Россией и Казахстаном.

Эти связи уходят вглубь веков и обусловлены нашим общим прошлым, длительным опытом совместного проживания и исторически сложившимися традициями дружбы и взаимной симпатии наших народов. Совсем недавно они нашли своё подтверждение в подписании президентами двух стран нового Договора о добрососедстве и союзничестве в XXI веке. Сегодня сухопутная граница между Россией и Казахстаном – самая протяжённая на планете, и это граница мира и дружбы.

Задача Россотрудничества – крепить и развивать накопленные многими поколениями дружеские отношения в культурной, научной, образовательной, информационной и иных сферах. Эта работа предполагает самое широкое развитие народной дипломатии, массовое привлечение к ней общественности наших стран.

Давно известно, что культура – лучший посредник для установления дружбы и согласия. Журнал «Культурное наследие города Астаны» вносит свой вклад в это благородное дело.

Желаю Вам, дорогие друзья, счастья, мира и процветания! Пусть Наурыз принесёт в ваши дома весеннее тепло, радость обновления и новых свершений!

Виктор Николаевич Шулика,
Руководитель представительства
Россотрудничества в Республике
Казахстан

ӘКІМ ТАРАЗИ: «МӘДЕНИЕТ – ҚОҒАМНЫҢ КӨРКІ»

Адам баласы үшін өзі өмір сүріп отырған қоғаммен қарым-қатынасы аса маңызды. Себебі, сол бір ізгілік қарым-қатынастың нәтижесінде пенде шіркіннің болмысында ерекше құбылыс қалыптасады. Артынша келер ұрпағына мұра ретінде қалдыруды жөн санайды.

Мәдениеттің өзіне тән көріністері болады. Рухани даму мәдени өркендеу жолына себін тигізер болса, сол көріністердің арасынан оқшаулану қажеттілігі туындай қалған жағдайда, адам баласы басты кезекте нені ескерген жөн болар еді? Қоғамның назарына біраз уақыттан бері іліккен мәдени мұраның мәдени үлгісін қалай жасаған дұрыс?

Міне, осы және басқа да мәселелер төңірегінде біз өзін Қазақстандағы жазушылардың қатарынан 771 боп есептейтін халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, прозаик, сценарийші, драматург Әкім Ұртайұлы Таразиді әңгімеге тартқан болатынбыз.



– Әкім Ұртайұлы, әңгімеміздің төркінін журналымыздың ашылу салтанатында бізге берген ұсынысыңыз жайында бастағанды жөн көріп отырмыз. Оқырмандарына жол тартқан жаңа басылымының аяқ алысы шалыс кетпесін дегендей мәдени мұраның мәдени үлгісін жасау қажет екендігі жөнінде айтқан едіңіз. Сол мәдени үлгіні жасауға қатысты осы төңіректе әңгіме өрбітіп, ақыл-кеңес сұрамақ ниетте алдыңызға келіп отырмыз. Бұған не дейсіз?

– Мәдени мұра жайлы ойдың қозғалғанына біраз уақыт болды ғой. Он-он бес жылдың ішінде осы мәселе төңірегінде мемлекет тарапынан көп нәрсе шешілді деп айтар едім. Мәдениет – әрбір қоғамның көркі, ұлттың мұраты. Жалпы адамзаттың рухани құрылымына қызмет ететін игі бастама. Оның дамуы мен маңыздылығы уақыттың үзіліссіз байланысын көрсетіп отырады. Кешегі күн мен бүгінгі күннің жүріп өтетін жолын, қоғамның бай шежіресін зерттейді. Мәдени мұра тарихпен байланыса отырып, мәдени үлгіге жол тартады.

Көйлегі көк, тамағы тоқ кей халықтарда рухани даму жағынан кемшін түскен тұстары бар. Шет мемлекеттерді аралағанда мен соны аңғардым. Көп жағдайда бұрынғы жеткен биігінен аса алмай жүр. Біріншіден әдебиеті, ал екіншіден мәдениеті. Эстрадалық музыкасын алып қарағанның өзінде осыдан 30–40 жыл бұрынғы ырғақтан шыға алмаған. Мәселен, француз, ағылшын немесе неміс әншілерінің орындап жүрген әуендері бір ырғақты ғана әурелейді. Көзге көрініп тұрған бұндай кемшіліктерді сол елдің халықтарын қорлау үшін айтып отырған жоқпын. Кісінің тұрмысы жақсарған сайын, мәдени даму да өркендеген дұрыс емес пе?!

Біздің халықтың қасиеті сол, қазақта мың ән болса солардың ешқайсысы бір әуенді қайталамайтыны бар. Қазақтың ән мәдениеті озық үлгіде дамыған. Әуеннің ырғағы қазақтың жазиралы даласындай, мінезіндей кең диапазонды болып келеді. Бізде таулы жерлер мен жазық даланың, Сарыарқаның әндері бар, Сыр бойының ырғағы бар. Осы бір музыкалық байланыс жұмылып келіп, бірін-бірі қайталамай, кедергі келтірмей тұтас қазақтың музыкасын жасауға негізделген. Қазақтың әндері Ақан сері мен Біржанның әндері болсын ешуақытта бірін-бірі қайталамаған емес. Радиодан құлақ құрышын қандырар әуендерді естігенде кімнің әні және оны кім орындап жатқанын бірден аңғара қоясың. Басқа композиторлардың әнінде өзіндік ырғақ үйлесіп жатыр. Мысал үшін тағы да алайық, «Қоңыр» тобының орындауындағы әндердің бөлек, ерекшеленіп тұратынын байқайсың.

Шетелдің ырғағына еліктеген бізде бірнеше әндер тобы бар. Не Еуропа емес, не Азия емес,

өздерінен басқа ол әндерді жұрттың тыңдап жатқаны шамалы. Бұл ұят нәрсе. Өзіміздің ұлттық ырғағымызды көрсететін төл мәдениетімізді дамытпасақ, басқа бірге еліктеу қағидасы еш болмауы керек. Қазақтың әдебиеті де керемет.

– Осы әдебиет жайлы айтсақ. Қазақы көркем ой көкжиегін кеңейтіп, әдебиет майданында қаншама жылдардан бері еңбек етіп келесіз. Әдебиет – ардың ісі екенін біле тұрып, қоғамымыздағы көзге түрпідей көрінетін кемшілікпен әлі де болса күресе алмай келеміз. Неліктен қоғамымызда жазушының тілімен жазылмаған дүниелер көбейіп барады?

– Өте орынды сұрақ. Осы сұрақ та мені қатты күйіндіреді. Қалың-қалың том жинақ кітаптары шыққан жазушылардың атағы бірден танымал боп кете барады. Себебі, олардың танысы шенеуніктердің туысқаны екен деген әңгімелер естіле қояды. Алпысыншы жылдардың орта кезінде сыншылар қазақ әдебиетінің даму деңгейі жоғары болғанын айтады. Ал, сексенінші жылдардың ортасында мықтылардың туысқандары 20-30 томдық кітаптарын шығарып жатты. Меніңше, бұл үрдісте қоғамды қорлау деп санаймын. Әдебиетті кітап томының көптігімен ешкімді жеңе алмайсыз, ешбір оқырманның көңілін жаулап алу да оңай соқпайды. Қазақ өте керемет халық, данышпан халық. Қазақтың мақал-мәтеліндей дүние жүзінде ешкімде жоқ. Тек қайсыбір тарихи оқиғалардан кейін өз кеуделерін бастырып, ынжық болып кеткені болмаса.

Сұлтанмахмұт Торайғыров, Александр Пушкин, Михаил Лермонтовтар кезінде бір ғана роман жазды. Лев Толстойдың заманының мүмкіншілігі басқа болғандықтан, оның том-том кітаптары шықты. Бірде патша Толстойға: «Сіздің қандай өтінішіңіз бар?» деп сұрағанда, ол: «Ешқандай, өтінішім жоқ!» деп жауап берген. Патша екінші рет шақырғанда Толстойдың өзі бармай, әйелі барған екен. Ұлы ақын сонда өзінің күнделігіне былай деп жазыпты: «Швед деген ақын мен менің әйелім патшаның қабылдауына кетті. Не деген ұят!». Мен ойлаймын, саясат әдебиеттен алыс жүру керек.

Жазушы үнемі жетіліп отыруы керек. Әр жазушының тағдыры әр түрлі болып келеді. Бұл жерде ешбір шығармашылық даму адамның жас ерекшелігіне әсер етпейді. Бәлкім кейбіреулерге жағымды әсер етер, бәзбіреулерге түк те қатысы болмауы мүмкін. Тумысымнан ешуақытта жанталасып көрмеппін. Жеке мінез-құлқымның әсері шығар, бұл бәлкім. Шамам келгенше төзімділігіммен өмір сүргенді қалаймын. Пенденің төзімділігі жетістікке жетуді меңзейді.

Мына әлемде уақытқа мойынсынбаған адам жоқ. Жүз жерден мықтымын деген адамның өзін уақыт жеңе бастайды. Тіпті жазушының өзін ырқына көндіріп алады. Уақыт сыншы ретінде әрбір шығармашылық адамның өмірге деген көзқарасын, сенімділігіне де қатаң қарайды. Мен осыдан бұрын берген сұхбаттарымда айтқан болатынымын. Қазір де айтамын. Уақыт ешкімді аямайды және еркелеткенді де ұнатпайды.

– Сіз бір сұхбатыңызда: «Қазақ өз-өзімен арпалысып жүреді... Қапшықтың ішіне кіріп алған әртіс секілді...» депсіз. Бұлай қынжылуыңызға да себеп бар. Өз ұлтының қамын ойлайтын жандарды жолықтыру қиындап барады. Өзге ұлтқа тән қасиет бізге дерт боп жабысуда. Бұл жайт сізді қалай толғандыруда?

– Қазақ деген сөз қозғала бастағанда-ақ, мен қынжыла бастаймын. Бізден әлдеқайда аз ұлттар өзін-өзі сыйлата біледі. Шешендер, ингуштар мен дағыстандықтардың елін көзіммен көріп, аралап қайттым. Ресми және ресми емес жиналыстарында, көшелерде басқа ұлттың өкілдері отырса да, алдымен бір-екі ауыз сөз солардың тілінде сөйлеп, артынша өз тілдерінде сайрай жөнеледі. Осыдан бірнеше жылдар бұрын Атырауда зиялы қауым өкілдері бас қосқан жиылыс болды. Бес жүз адамнан құралған жиналыста райкомның бірінші секретары қазақ кісі сөз алып, былай деді: «Жігіттер Мәскеуден келген досым бар еді. Осы досым үшін бүгінгі жиналысты орыс тілінде өткіземін», – деді. Анығына кейін жетсек, ол аң аулауға келген досы екен. Кенес Одағы кезіндегі жағдай осындай болды. Ең сорақылық біздегі жиналысты бес минут қазақ тілінде бастап алып, ары қарай ресми тілде жалғастыра кетуі. «Қазақстанның ауасын жұтып жүрген олар орыстар ғой, немістер емес пе?» – деп айтатын біреу жоқ. Қазақтың тілін жиырма екі жылдың ішінде меңгеруге міндетті еді ғой. Өзге ұлт өкілдерін еркелетіп аламыз да, сонынан осылайша таяқ жеп жүреміз. Әлі күнге дейін төл тілімізді менсінбеулері бізді соққыға жыққанмен бірдей, өзімізді сыйлата алмағанымыз. Мемлекетімізде 67 % қазақ халқы тұрып жатқанымен, қалған аз-

мыз ұлтқа өзімізді сыйлата алмай отырмыз. Сыйлау, сыйластық деген дүниелер екі жақтан болу керек емес пе? Осы жағы ескерілмейтіні, өкінішті.

Егемендіктің алғашқы жылдары орыс тілді мамандар басымырақ жұмыс жасады. Сол адамдар депутаттардың, министрліктердің арасында әлі күнге дейін қызмет етіп жүр. Қазақтың тілін менсінбейді, оны сөйлемейді. Біз оларды еркелетіп алақанымызға салып отырмыз, олар болса бетімізге қара күйе жағады. Осындай нәрселерге күйінетінім рас... Бұның бәрі соққы, менің жаным ашиды. Бұрынғы кезді салыстырамыз ба, қазіргі күнді айтамыз ба? Біздің тарапымыздан кеткен қателігіміз. Демек, ойлануымыз қажет... Нағыз оқырманның өзгермейтінін білуіміз керек еді... Мен саясаткер ретінде емес, қазақтың қарапайым жандарының бірі ретінде айтып отырмын. Тырнақшаның ішіндегі патриотизмді мен өлердей жек көремін. Патриоттығың өзіңнің төріңнен басталсын.

– Мұстафа Шоқай туралы кітабыңыз жарыққа шықты. Оқырман қауым жақсы қабылдап жатыр. Екінші кітабын жазу ойыңызда жүр екен...

– Әу баста бұл кітапты жазуға батылым бармады, жүрексіндім, қорықтым. Алаш қайраткері атанған, ұлттың мақтанышына айналған Мұстафа Шоқайдың тағдыры күрделі болғандықтан, көз алдыма образын елестету былай тұрсын, өзімді сәл де болса сол ұлы болмыстың орнына қою керек болатын. «Жазушы» баспасына берілген кітапқа Есенғали Раушанов «Бірінші кітаптың соңы», – деп жазып жібергенін мен кейін білдім. Кітапты жалғастырғым-ақ келеді, әлі жаза алмай жатырмын. Жазудың уақыты келмей тұрған болар, бәлкім... Күтпеген жерден өзі бір күні басталып кетеді. Егер ой туындай бастаса, оны аяқтамай мен үйден шықпаймын. Себебі, қол үзіп кетсем, жазылмай қалады.

– Ел болашағы жастар жайлы пікіріңізді білсек. Оларға не тілер едіңіз? |

– Кейінгі жастар бізден он есе білімді, жүз есе мәдениетті. Ойлап отырсам, бұрынғы университет қабырғасында жүргендердің білімдері қазіргі мектепте білім алып жүрген оқушылардың білімінен аспайды екен. Елуінші-алпысыншы жылдардағы жастармен қазіргі жастар қатарынан мүлдем салыстыруға келмейді. Бізде жақсы буын келе жатыр. Өз ана тілін құрметтей алатын, пысық әрі ширақ жастар өсіп келеді. Мемлекеттің болашағын жалғастыратын да сол біздің жастарымыз ғой.

– Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан
Әсем САҒИҚЫЗЫ**

Құрметті қауым!

Халқымыздың бағзы заманнан қалыптасып, желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлерінің бірі ретінде жыл сайын Наурыз мерекесін тойлап келеміз. Наурыз – рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыз болып саналады. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың мерекесіне айналды. Жақсылық пен жамандыққа жан бітіріп, жер дүниені жандандыратын шығыс халқының ұғымында қалыптасқан жаңа жыл басы.

Наурыз ұғымының қазіргі мазмұны тайыз, театрландырылған көрініске айналып кетті деген алып-қашпа әңгімелер шығып қалып жатады. Ғажап тарихы мен ұлттық нақыштары бар қазақ халқының бұндай істерге жол жібереді дегеніне мен сеніңкіремеймін. Біздің ата-бабаларымыз еркін көшпенді халық болып жүріп-ақ, жыл сайын наурыз мерекесін тойлауды дәстүрге айналдырған. Олар сақтар, ғұндар деп айтуға болады. Мәселен, ғұндар өздерін күн яғни, күннің табынушылары деп атаған. Себебі, әлем жаратылмас бұрын күннің және оның құдіреті пайда болды. Олардың ұғымында күн жаратушы ие деп саналынды. Біздің ғасырымызға дейін Конфуций: «Бізді жаратқан Күн» деп есептеді. Сол себептен, Наурыз – бұл мереке, Ұлыстың ұлы күні, жаңа күннің пайда болуы. Дәл 22 наурызда күн мен түн теңестетін кезі деп есептелінген.

Наурыз – адамзаттың мерекесі. Кейбір көшпенді халықтар түркі тілдес болмаса да, наурыз мерекесін тойлап келген. Адам баласына ортақ мереке деп саналынуы сондықтан. Мәселен, Қытай мемлекеті Наурыз мерекесін бізден ертерек тойлайтын болған. Наурыз мерекесін той қылып өткізу керек. Ірі көлемде ат шаптырып, бәйге ұйымдастырылса, тіпті қатып кетер еді. Қыстан қысылып шыққан халық көктем мәселесін жеңгенін көрсетеді. Наурыз мерекесі – ұлттық тағамдардан тұратын мереке және сол ұлттық тағамдарын әспеттей алатын ұлттың символы.

Қазақ халқының әрбір азаматы өзін дүниедегі беделді мемлекеттің азаматымын деп санап, қазақ деген сөздің намысын қорғай білсін! Барша қазақстандықтарға табыс тілеймін! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Әкім ТАРАЗИ,
ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның халық жазушысы



Жалын жұтқан Жанна д'Арк

27 наурыз театр күніне орай Астана қаласында орналасқан Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрында жаңа қойылым көрермендер назарына ұсынылды. «Жалын жұтқан Жанна д'Арк» атты драмының премьерасын халық екі құрамадағы театр майталмандарының орындауында тамашалады.

Аталмыш спектакльдің пьесасын режиссер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері – Әлімбек Оразбеков сахналады.

Шығарманың желісі бастан-аяқ өз ұлтына сүйіспеншілікпен қараған қарашадай қыздың бойындағы патриотизм бейнесі көрініс табады. Тереңірек пайымдасақ, оқиғаның мазмұны өз ұлтының ұлылығын ардақтау мақсатында елін ерлікке шақыру және нағыз азаматы ретінде сезіну міндеті жүктелген. Францияның батыр қызы Жанна д'Арк осылайша француз халқын ағылшындарға қарсы азат ету жолында күресуге бел байлайды. Қолына қару ұстаған нәзік қыздың бойынан патриоттық сезім оның отты көздерінен бірден байқауға болады. Қазақ театрында тұңғыш рет сахналанған қойылымға келген жұрт рухани серпін және мол тағылым алды.

Шаруа отбасында дүниеге келген батыр қыздың бейнесін театр актрисасы – Айнұр Бермұхамбетова, әкесін – Боранбай Молдабаев, анасын – Гүлбаршын Қылышбай, Жаннаның бауырын – Бауыржан Сұрапбаев сомдады. Кошонды – ҚР халық артисі Тілектес Мейрамов, Инквизиторды – Қуандық Қыстықбаев, Король Карлды – Нүркен Өтеуілов, Бодрикурды – Мейрам Қайсанов, Лаирды – Сырым Қашқабаяев, Граф Варвикты – Жәнібек Мұсаев, Архиепископты – Кеңес Нұрланов, Ландвенюды – Жасұлан Ерболат, Латремуйды – Асқат Сұлтан, Фискалды – Қасымхан Бұғыбай, Иолантаны – Жұмагүл Мейрамова, Буддусты – Нұрсұлтан Есен, Мүгедекті – Олжас Жақыпбектер сомдады.



Новый спектакль Государственного академического русского драматического театра им. М. Горького – мелодрама по пьесе Ричарда Баэра «Смешанные чувства» – адресован очень взрослым зрителям, я бы даже назвала его «зрелищем для тех, кому далеко за 30». Но не надейтесь, что вам представят эротику на грани фантастики! Нет, нет и нет. Зато ненавязчиво напомнят пушкинское «любви все возрасты покорны», благодаря изящной, как маленькое черное платье Коко Шанель, истории в исполнении самого гармоничного актерского дуэта Натальи Косенко и Сергея Матвеева.



Наталья Косенко,
заслуженная артистка РК

Академический – это «золотая рамка»

Режиссер, заслуженный артист РК Бекпулат Парманов ставил спектакль как бенефис к юбилею заслуженной артистки РК Натальи Косенко, ведущей актрисы театра. Главным героям пьесы за шестьдесят. С юности они дружили семьями, теперь оба вдовы. Действие разворачивается в доме миссис Мильман накануне запланированного ею отъезда из Нью-Йорка к такой же вдове-подруге в Майями. Впереди – одинокая старость, сдобренная приглашенными воспоминаниями о супруге, о молодости и совместных развлечениях (надо же ими с кем-то делиться этим за чашечкой кофе).

Визит Германа, неожиданное предложение руки и сердца от бывшего друга семьи, два дня (и даже ночь!), проведенные вместе в спорах и воспоминаниях, ломают планы Кристины прожить оставшиеся годы в статусе «благородной вдовы-компаньонки». Многолетняя взаимная симпатия главных героев прорывает «бастионы рассудка», достучавшись до сердца Кристины благодаря

настойчивому жизнелюбию Германа. Как говорится, «стучите, и откроют вам!». И тогда они отвечают одиночеству «нет». Таков хеппи-энд спектакля.

В актерской судьбе Натальи Косенко около 200 ролей, преимущественно главных. Более 35 лет отдала она казахстанскому театру. Не только творческой, но и активной общественной деятельностью отличается Наталья Павловна. Актриса поделилась своим видением того, каким должен быть академический драматический театр.

– С получением в 2011 году нового статуса, когда наш театр стал академическим, изменились и общий, и творческий взгляд, и подбор репертуара. Сидим на худсовете и чувствуем потребность высказаться, как лучше, чище сделать все, и чтобы спектакль был оснащен на высоком уровне. Требовательность особая появилась и к световому решению, и к оформлению сцены. К примеру: когда мы зашли в новый оперный театр – онемели от великолепия и от красоты! Искусство должно быть таким, чтобы люди «подтягивались», становились лучше. Таким должен быть театр! Сегодня, хотим мы этого или не хотим, на театре лежит большая ответственность в свете событий, происходящих в мире. И как бы мы не желали, чтобы театр не был «политизирован», это не пройдет. Все равно мы оглядываемся на межнациональные, межконфессиональные отношения. Человек, независимо от каких-то там трений, должен становиться красивее, чище. Наталья Павловна дополняет: «Хотелось бы еще, чтобы наши актеры, а их, хороших, немало в театре, по заслугам получали соответствующие серьезные награды. Знаете как отличаются от наших программки зарубежных академических театров «нижними подписями» под фамилиями актеров?! Наши актеры тоже получают медали, ордена... Хочу пожелать достойным артистам истинных, больших званий! Потому что звание «академический» – это уже «золотая рамка», и она требует аналогичного «внутреннего содержания».

Напомним, за вклад в укрепление российско-казахстанских культурных связей Наталья Косенко в 2011 году была удостоена Ордена Дружбы Российской Федерации.



Она была в числе тех, кто с первых лет независимости нашей страны участвовал в культурной интеграции.

– Поддержка русскоязычных театров за рубежом со стороны Центра при Союзе театральных деятелей

России чувствуется и сегодня, – рассказывает актриса. – К примеру, летом наша молодежь в очередной раз отправится в школу СТД России Александра Калягина в Москву на стажировку. Это великое дело! В нашей молодости мы и мечтать о таком не могли. Она прошла в гастрольях по глубинкам целинного края. В апреле предстоят обменные гастроли в Башкортостан, в Уфе покажем три спектакля. У нас большая дружба с Россией, Венгрией, Туркменистаном и другими странами через посольства в Астане. О других планах. В мае на постановку пьесы Анны Яблонской «Язычники» ждем Йонаса Вайткуса – известного режиссера Европы. В сентябре

надеемся принять участие в Международном фестивале драматических театров Стран Северного Кавказа и государств Черноморско-Каспийского региона со спектаклем «Последнее причастие» Оралхана Бокея. Это великое счастье, что мы работаем в столице Казахстана, и нас так поддерживают не только руководство города и Комитет культуры...

Отметим, наша талантливая актриса известна великолепным вживанием в роли классических и современных героинь – разнохарактерных, многоплановых, но всегда удивительно пластичных, женственных в ее исполнении, не зависимо от того, комический или драматический образ ей приходится воплощать. Переберите весь театральный бомонд СНГ, я уверена, не найдете ни одной возрастной известной актрисы, которая обладала бы в 70 такой же точеной фигурой, благородной статью, умением перевоплощаться и столь убедительно носить костюм любой эпохи и этноса – от макси до мини... А как говорил знаменитый актер Алексей Баталов своим студентам: «Если не можешь



носить историческое платье – грош тебе цена!». Будь то Электра, Сильвия, Есуй-Ханум, пани Конти или чеховские Аркадина и Раневская – вы скажете ей «верю»! Наталья Павловна, оказывается, с детства увлекалась моделированием костюмов, акробатикой, спортивной гимнастикой. А что касается собственной «формы», то и сейчас постоянно посещает спортивные залы. «Я понимала, куда я попала. А одежда – это ведь выражение

внутреннего «я» человека. Когда одеваю костюм – ощущаю состояние полета, а походка выработалась с юности», – говорит Н. Косенко.



В моноспектакле «Человеческий голос» у героини по сюжету почти нет сценического движения, при такой статичности энергию актрисе приходилось как бы «соскребать со стен». А тело-то полтора часа «играет!» И зритель все время заморожен этим зрелищем. Также и в роли Кристины в новом спектакле Наталья Косенко заслужила бы высший балл любого режиссера, стилиста, хореографа. Может быть, причина удачи кроется и в некотором сходстве характеров с героиней: собранность, рассудительность, стойкость, верность идеалу и в то же время – романтичность, готовность к чувству во все времена...

В завершение нам остается поздравить коллектив с предстоящим Международным Днем театров, а директора Академического драматического русского театра им. М. Горького – Еркина Касенова еще и с высокой наградой.

Ильмира РАФКАТ
фото А. Жабчук

«Творим вместе» – ғажайыптар әлемі

Бейнелеу өнерінің бір саласы ретінде саналатын кескіндеме және көркемсурет өнері соңғы уақытта қарқынды дамып жатыр. Сондай ізгі істердің қатарына «Атамекен» Қазақстан Қартасы» этно-мемориалдық кешенінің негізінде құрылған «Творим вместе» кесіндеме және бейнелеу өнерін оқыту мектебін жатқызуға болады.



Аталмыш мектептің мақсаты – көркемдік және танымдық қуатымен ерекшеленетін тұлғалардың қайсыбір көріністі бейнелеуге, әсемдеуге және оны үйретуге жетелеп, кескіндеме көзқарасымен дүниені танып білуге, сондай-ақ, өнерінің жетіліп, шығармашылық қабілеттерінің артуына себін тигізбек. Шынтуайтына келгенде, суретшілер шеберлік сабақты



өткізуге небәрі төрт сағат ғана жұмсайды. Бұндай тақырып аясы кең, өнер саласына мектептің оқытушы шеберлері әрбір үйренушілерге өз бетімен сурет

салуды үйретіп қана қоймай, дәл сондай шеберлік сабақтарын жиі өткізіп тұруды өз міндеттеріне алған. Көптеген көрмелер мен галерея жұмыстарының негізінде аукциондар ұйымдастырылып, суреттер сатылымға шығарылады. Әр түрлі дизайн жұмыстары да ұсынылады.

Қазақстандық-Ресей жобасы саналатын «Творим вместе» кескіндеме және бейнелеу өнерінде Игорь Сахаров пен Макс Скоблинск сынды украиндық суретшілер шеберлік сабақтарында бейнелеу өнерінің әдістемесі мен қыр-сыры жөнінде бөлісіп отырады. Сонымен қатар, қазақстандық кесіндемеші Дина Мертенованың да шеберлік сабағы Алматы және Астана қаласында өткізіліп тұру жоспарланған.

Аслан ЕСЕН



ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН

Әлемнің жарығы. Бұл сөз тек аты да, заты да нәзік жан иелеріне ғана арнап айтылады. Олар туралы сөз қозғаудың өзі аса жауапкершілікті талап етеді. Біздің ардақты да асыл аналарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз, әпке-сіңлілеріміз қазақ әйелі деген зор құрметті алып жүргендіктен біз солай айтамыз.



Дәстүрлі мәдениеттің бесігін тербетіп, даналыққа, отбасы ошақ қасы тірлігінде ел қамын жеп жүретін қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі орасан зор. Қалай айтсақ та,

нәзік жандыларға барлығы жарасады.

Қыз-келіншектер мерекесі қарсаңында Астанада «Әлемнің жарығы» атты дүркіреген концерт өтті. «Бейбітшілік және келісім сарайында» ұйымдастырылған аталмыш концертке мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та қатысты.

Нәзік жандыларға арналған концертте отанымызға белгілі әртістер мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Сонымен қатар, мерекелік қойылымда көптеген музыкалық және театрлық жанрлармен қамтылды. Әлемнің жарығын сыйлап, өмірдің сәніне айналған қазақ аруларына өнер майталмандары осылайша тамаша кеш сыйлады.

8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Әлемнің жарығы» атты мерекелік концертте отандық әншілерімізден өнер көрсеткендер: Батырхан Шүкенов, Қарақат Әбілдина және «Қарақат» мектеп-студиясының шәкірттері, «Музарт» ансамблі, Алмас Кішкенбаев, «JCS» тобы, «Арнау» дуэті, «Астана» эстрадасимфониялық оркестрі, Астана қаласы мемлекеттік филармониясының камералық қоры және т.б.

СВЕТ МИРА В СЕБЯ ВОБРАВ...

Седьмого марта в Астане во Дворце мира и согласия прошел концерт, приуроченный к Международному женскому дню 8 Марта «Әлемнің жарығы» («Свет мира»), в котором принял участие Глава государства Нурсултан Назарбаев.

С весенним праздником дорогих, милых и прекрасных женщин поздравили известные отечественные артисты и творческие коллективы, в числе которых Батырхан Шукенов, ансамбль «МузАРТ», группа «JCS», Алмаз Кишкенбаев и другие. В целом праздничное представление объединило в себе многие музыкальные и театральные жанры.

По словам организаторов, «концерт был посвящен самым обычным женщинам, тем, кто каждый миг наполняет жизни людей особым смыслом».

Концерт подарил гостям ощущение праздника, позволил каждой женщине почувствовать себя единственной. Каждая минута праздничного действия, развернувшегося на сцене Пирамиды, стала большим подарком для всех дам, пришедших на вечер.





ОТВЕЧАЯ ВЗАИМНЫМ ИНТЕРЕСАМ...



В начале марта 2014 года подписан Меморандум о взаимном сотрудничестве между Управлением образования города Астаны и Этно-мемориальным комплексом «Карта Казахстана «Атамекен».

Стремление к расширению сферы научно-обоснованного продвижения достижений независимого Казахстана на основе новейших технологий и исследований является фундаментальной базой для патриотического воспитания молодого поколения.

Меморандум подписан с целью укрепления и развития взаимного сотрудничества в области изучения истории независимости Республики Казахстан, всестороннего развития научно-исследовательской деятельности педагогов и учащихся столицы.

Документ предполагает взаимное сотрудничество по следующим направлениям: разработка и внедрение специальных проектов; проведение городских конкурсов «Үздік сабақ» ко Дню Первого Президента РК и ко Дню Независимости и «Экскурсовед-2014» среди школьников города Астаны; проведение республиканского конкурса «Лучший гид» среди учащихся общеобразовательных школ; проведение курсов повышения квалификации педагогических кадров и музейных работников на базе ИПК «Өрлеу», по «экскурсоведению» – для преподавателей дополнительного образования с выдачей сертификатов международного образца; организация разных тематических экскурсий по предметам (история, география, экономика и международные отношения); публикация материалов, научных трудов учителей в журналах «Астана каласының мәдени мұрасы»; создание Комитета школьных музеев при ИКОМ Казахстан для улучшения музейных экспонатов и базового материала.

В качестве форм сотрудничества стороны также обозначили проведение международных



конференций и научно-практических семинаров по изучению передового опыта, развитие и применение активных и интерактивных методов обучения; обмен научно-методическим опытом и повышение квалификации сотрудников сторон; проведение взаимных консультаций в сфере обучения и повышения квалификации; организацию и согласование сроков совместных мероприятий, представляющих взаимный интерес, согласно утвержденному графику; обмен периодическими изданиями, публикациями и новейшей информацией в области фундаментальных научных исследований; совместную разработку, подготовку и издание учебно-методических пособий и научно-исследовательских сборников; подготовку рекомендаций по организации и проведению информационно-имиджевой работы в сфере воспитания молодого поколения; рассылку совместно разработанных (изданных) учебно-методических пособий и научно-исследовательских сборников.

Стороны уверены, что их взаимное партнерство будет строиться на принципах доверия и равенства и улучшит систему совместной работы.

Редакция

ҚАЗАҚ ЦИРКІНІҢ КЕНЖЕЛЕП ҚАЛҒАН ТҰСТАРЫ БАР

Ат жалын тартып мінгелі қазақ циркі шарықтау шегіне жете қойғанымен, әбден ширыққан, шыныққан және кәсіби деңгейіне жетуді көздей беретіні анық. Қазақстан бойынша төрт цирк қана болса, соның бірі – Астана циркі жайлы сөз қозғамау мүмкін емес. Бір сарынды өнер саласы болып қалмас үшін цирк өнерпаздары күнделікті дайындық, өз қабілет-қарымымен өсуді үйреншікті әдетке айналдырғандары қашан.

«Астаналық цирк» мекемесін үш жылдан бері басқарып келе жатқан Ерік Қалиұлы Жолжақсынов қазіргі қазақ циркінің тағдырына қатысты біршама ойларын бізге берген сұхбатында жария етті. Ол сондай-ақ, кейінгі уақытта аталмыш өнер ордасында цирк студиясын ашуды көздеп жүргенін де жеткізді.



Ерік Қалиұлы Жолжақсынов

– Ерік Қалиұлы, өзіңізге белгілі қазақ циркінің қалыптасу тарихы сонау жетпісінші жылдардан бастау алады. Сахналық-эстрадалық өнер саласы саналатын Астаналық цирк қазір қалай тыныс алып жатыр? Аздаған уақыттың ішінде жұмыс жасап жатқан цирктің жеткен жетстіктері жайында кеңінен айтып өтсеңіз.

– Қазақ циркі жетпісінші жылдардан бері қалыптасқан дейтін болсақ, дәл осы жылдары цирктің ең алдымен ғимараты салынған. Мемлекетіміздің цирк әртістері оған дейін Кеңес үкіметі кезінде Одақ бойынша жұмыс жасады, кейін Дінмұхаммед Қонаевтың басшылығының арқасында Алматы қаласында цирк ғимараты тұрғызылады. Ал, Астаналық цирктің тарихына келер болсақ, Елбасы өзі арнайы келіп тұсауын кескен болатын. Қазақ өнерінің ішіндегі цирктің дамуы әрі қарай жалғасын тауып, халықтың цирк өнеріне деген оң көзқарасы танымал болсын деген ниетпен 2005 жылы есігін айқара ашты.

Бүгінгі таңда мекеменің жұмысы өзінің бағыт-бағдарымен жүріп жатыр. Астана циркі әртістерінің көбісі Алматы циркінен шақырылды. Шетелдік гастролдік сапарларға шығу жиі көзделген. Менің ойымша, цирк әртістері бір орнында тұрмаулары керек. Өнердегі қабілеттіліктері ұштасып, басқа мемлекеттің әртістерімен тәжірибе алмасу болған жағдайда даму бар, алға өрлеу бар. Өнер жандарының талантты болуы сонда ғана әбден мүмкін. Мәселен, бір жарым жылға уақыт біздің цирктің әртістері шеберліктерін шыңдау үшін Қытайда қызмет етіп жатса, үш ай бойы Украина мемлекетінде тәжірибе алмастырып қайтты. Украина мемлекетінің әртістерімен шығармашылық алмасу жиырма жылдың ішінде бірінші рет болды. Шын мәнісінде, олар үшін ұлттық нақыштағы циркті көру зор мәртебе және алғыстарын білдіріп жатты. Оңтүстік Африка Республикасының Кейптаун қаласына, Голландияға, Катарға, Біріккен Араб Эмираты мемлекеттеріне де тәжірибе алмастыру үшін каншама өнерпаздарымыз гастролдік сапарда жүрді. Ресей, Украина, Қытай, Вьетнам және т.б. елдерден цирк әртістері біздерге де шақырылады.

Цирктің мәртебесі төмендемеу үшін ай сайын бағдарламаларға өзгертулер енгізіп отырамыз. Мәселен, он күн ішінде бір бағдарлама көрсетілсе, жарты айдан кейін басқа бағдарламалар

көрермендер назарына ұсынылып, халықтың көңілі өз мәресіне жетпек. Бір арыстан мен бір маймылды қайта-қайта көрсете бергеннен еш пайда жоқ. Себебі, өзгеріс бар жерде шығармашылық топтың ары қарай жылжуы бар екенін және өнердің өскенін көрсетеді. Бұл үрдіс Астаналық цирктің берік қағидасына айналды.

Жыл сайынғы «Азия жаңғырығы» атты халықаралық фестивалге қатысу үшін дайындық қызу жүруде. Бұл фестивалде дүние жүзіне танымал цирк әртістері өз өнерлерін паш етеді. Әр түрлі бағыттағы цирк қойылымдарын көрермендер назарына ұсына алады. Бір айта кететін жайт, дәл осы фестивалге қатысуға шетелдің цирк өнерпаздары өтініштерін білдіріп, сұраныс жіберіп жатыр. «Азия жаңғырығы» халықаралық фестивалінің мақсаты – халықаралық достық қарым-қатынасты нығайту, цирк өнерпаздарының талғамын өзгерту және кәсіби біліктіліктерін арттыру.

– **Журналымыздың тұсау кесер рәсімінде қазақ циркінің проблемалары жөнінде айтып қалған едіңіз. Яғни, цирктің заңға кірмей қалғанына қатысты бір ой тастадыңыз. Осы мәселені тарқата айтып берсеңіз. Қалай ойлайсыз, не себептен цирк мәдени-демалыс орны болып заңда көрсетілмеген?**

– Дәл осы сұрақты мен бір жарым жылдан бері көтеріп келемін. Сол кезде мәдениет және ақпарат министрлігінің, мәдениет департаментінің және т.б. мәдени өкілдері қатысқан дөңгелек үстелде осы мәселені сөз қылдым. Қазақ циркінің дамуы барысында кенжелеп қалған тұстары бар. Цирк заңға кірмей қалған. Бұл сонда қалай? Қаншама жылдардан бері цирк өзіне жүктелген міндеттерін атқарып келеді, бірақ заңға ешқандай қатысы жоқ. Не себептен заңға кірмей қалған деген сауалыма, министр өкілдері көмекшілерін шақырып алып, барлық құжаттарын қайтадан бір шолып өткеннен кейін: «Біздің тарапымыздан кеткен кемшілік, ұмытып кетіппіз» деген жауап алдым. Демек, дәл осы цирк ғимараты заңсыз түрде орналасқан болып шықты. Қала әкімшілігінің қолдауындамыз, бірақ біздің заң жүзінде ешнәрсеге құқығымыз жоқ. Өнердің барлық саласы мәдени-демалыс орны болып бекітілгенімен, цирк бұл бағытта қарайластырылмайды. Қарапайым ғана көрінетін мәдениет үйінің өзі демалыс орны ретінде саналады, ал цирк заңға кірмейді.

Мәдениет өкілдерімен кездескенде екі сауалмен келгенімді білдірдім. Біріншісі, цирк туралы мәлімет мәдениет заңында көрсетілмесе, екіншісі – цирк мәдени демалыс орны саналмайды. Бұндай ақсау министрліктің кемшілігінен болып отыр. Осы сауалдарымның қаншалықты шешімі тауып жатқаны жөнінде қайтадан сұрай бастасам, тек жеңіл-желпі әңгімелерді ғана естідім. Цирктің заңсыздығы жайлы сөз қозғағаныммен, бір жапырақ қағазыма мардымды жауап ала алмағаннан бір уақытта: «Мен өзі қайда келдім?..» деген оймен, бойымда бір тартқыншақтық пайда болғандай сезілді... Мәдени-демалыс орындарына жатқызуға байланысты қағаз жүзінде жауап алғым келгенде олар қашқақтай бастағаннан кейін, мен де дау шығара бастадым.

Содан біраз уақыт өтісімен сұрағыма жауап келіп, онда былай деп жазылған:

«ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәдениет комитеті цирктерді мәдениет-демалыс ұйымдары қатарына жатқызуға қатысты хатты қарастырып, келесіні хабарлайды: «2006 жылы 15 желтоқсандағы мәдениет туралы ҚР Заңының 19 бабына сәйкес, мәдениет саласындағы қызмет театрлардың, филармониялардың, оркестрлардың, цирктердің, студиялардың, мектептердің, шеберханалардың, орындаушылық ұжымдардың, мұражайлардың, кітапханалардың, көркемөнер салондары мен галереялардың, кинотеатрлардың және киноқондырғылардың, мәдени-демалыс ұйымдарының зерттеу және реставрациялау орталықтарының, мәдени-тарихи орталықтардың, тарихи-мәдени және табиғи қорықтарының, аймақтарының және басқа да мәдениет ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуі жолы мен жеке және заңды тұлғалардың мәдени құндылықтарды жасауы, насихаттауы, таратуы, пайдалануға беруі және қорғауы арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, аталған заңда цирк және цирк қызметіне қатысты өзге нормалар қарастырылмаған. Осыған байланысты қазіргі уақытта министрлік тарапынан цирк қызметін реттейтін нормаларды қосу жөнінде заңға қажетті түзетулер енгізу жұмыстары жүргізілуде. Ал, циркті мәдени-демалыс

Сонымен қатар, аталған заңда цирк және цирк қызметіне қатысты өзге нормалар қарастырылмаған. Осыған байланысты қазіргі уақытта министрлік тарапынан цирк қызметін реттейтін нормаларды қосу жөнінде заңға қажетті түзетулер енгізу жұмыстары жүргізілуде.

ұйымдарына жатқызу мәселесіне келер болсақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, цирктер мәдениет саласындағы қызметтерді, атқарушы ұйымдардың бірі болып табылатындығын ескере отырып, оларды мәдени-демалыс ұйымдарына жатқызуға болады деп есептейміз».

Даңғарадай мынау мәдени ошақтың заңсыз тұрғаны өз алдына, әртістеріміздің хал-ахуалын айтатындай да заңдылық жоқ. Заңсыздық қай жерге барсақ та заңсыз болып есептелінеді. Олардың зейнеткерлікке шығуы жөнінде де ұмыт қалған. Мәселен, клоундар 20–25 жылдан кем қызмет жасамауы керек, акробаттар мен гимнасттар көп дегенде 10–15 жылдай ғана қызмет жасай алады. Бізде ат-үстінде жүрген қызметкерлеріміз 50-ге келіп қалды, 60-қа келіп акробаттарымыз секіріп жатыр.

– Кезінде Қажымұқан, Балуан Шолақ және т. б. қазақ палуандарының цирк аренасында өнер көрсеткені жөнінде айтылған. Демек қазақ циркінің тарихы әріде жатыр. Отандық цирктің дамуы мен өркендеуіне қатысты не айта аласыз?

– Цирк ғимараты салынбай тұрғанда-ақ, әу баста өнерпаздарымыз қазақ циркі деген атаумен шыққан болатын. Дүние жүзінде үш цирк болса, қазақ циркі соның құрамына кіреді: Қытай, Ресей және Қазақстан. Әртістеріміздің өнер жолындағы деңгейлері өте жоғары десек те болады. Атадан балаға мұра ретінде жалғасын тауып келе жатқан өнердің бір түрі. Жанұялар тобынан тұратын сахналық-эстрадалық өнер саласы. Мәселен, цирк сахнасында қазір Құнғыжыновтар, Өселбаевтар, Досбатыровтар әулеті өнер көрсетіп жүр. Жан-жануарлармен сахнаға шығу қойылымы үшін олар бала кезден үйрене бастайды. Ерекше күтім қажет етілетіндіктен, көбірек еңбектенулеріне тура келеді. Қазақ циркі дүниежүзіне әйгілі цирктердің бірі. Бір кездері цирктің шаңырағы жоқтығынан шетелге кетіп қалғандар да болды. Жылқының құлағында ойнайтын қазақ жігіттері қазіргі уақытқа дейін сол жақтарда қызмет етіп жатыр. Осыған қарап-ақ, қазақ циркінің дамуы жоғары деңгейде деуге болады.

– Қоғамымызда жас ұрпаққа ұлттық мәдени құндылықтар арқылы тәрбие беру ісінде кемшін тұстары қалыптасқаны жөнінде пікірлер туындап жатады. Осы ұлттың құндылығын қастерлеуде ұлттық тәрбиеге табан тірейтін үйлесімділіктің қажет екендігін жоққа шығара алмаймыз. Солай емес пе, Ерік Қалиұлы?

– Ұлт болғаннан кейін, ұлттық нақышта жұмыс жасалған жөн. Ұлттың арқасында ұлттық өнер болу міндет. Бүгінгі елдің күресіп жатқаны да осы ғой. Қайсыбір өнерімізді көрсетуге бел байласақ та, ұлттық құндылықтарымызды әспеттейтін дүниелер арқылы әлемге танымал бола аламыз. «Қазақ елі» деген атқа лайық екенімізді көрсетеміз. Шетелдің ағымына ілесіп, солардың циркіне ұқсатудың еш қажеті жоқ. Ұлттық құндылықтарымызға таң қалдыра отырып, қазақ елінің мәртебесінің қаншалықты екенін көрсетіп, мақтана аламыз.

Сырттан келген меймандар «Қандай тарихи тақырыбы бар ұлттық құндылық!» деп тамсанып кетіп жатыр. Мәдени саланы рухани қазына ретінде байланыстыратын болсақ, жастарға ұлттың құндылығын қастерлеуге әрине баулуымыз керек. Жастарымыз шетелдіктерге ұқсап еліктегендерімен, соғып тұрған жүрегі, алар демі, тынысы қазақтыкі емес пе?! Мемлекеттің қатарына мәдениетіміз арқылы қосылатынымызды ұмытпай, ұлтын сүйетін патриот жастар тәрбиелеп шығаруымыз керек. Қазақ елі, мәңгілік ел болу идеясы қазір көтеріліп жатыр. Тарихқа көз салсақ, қазақ елі екенімізді ата-бабамыз осыдан бірнеше жылдар бұрын мойындатты емес пе? Осы бағытта да жастармен жұмыс жасаған ыңғайлырақ деп ойлаймын. Мемлекетіміздің түпнұсқасы мәңгілік ел қатарында көріну. Қазақ елі дейміз бе, мәңгілік ел атанамыз ба осы бір түсінік патриотизм жолында жанданса екен деймін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан
Әсем САФИҚЫЗЫ**

НАДО ЖИТЬ ЛЕТАЮЧИ!

Светлана Бурцева (творческий псевдоним – Каратаева) родилась в Уфе (Башкортостан, Россия). Окончила Уральский государственный университет по специальности «История искусств». Завуч и педагог высшей категории Детской художественной школы г. Лисаковска Костанайской области, имеет 3 собственные авторские программы. Отмечена большим количеством грамот и дипломов, среди них – грамоты Министерства образования и науки РК, диплом «За профессионализм в обучении учащихся» (Польша), грамота акима Костанайской области и другие. В мае 2010 года на Казахстанской неделе искусств стала лауреатом конкурса в разделе «Прикладное искусство».

Свою творческую деятельность С. Каратаева начала в 1993 году. С 2007 года – член Союза художников Республики Казахстан. За 20

создает картины с использованием типографских красок и лаков, миниатюры на шпоне ценных пород дерева с позолотой, картины, напоминающие древние манускрипты. На выставке представлены работы



В Российском центре науки и культуры открылась вторая по счету персональная выставка члена Союза художников Республики Казахстан Светланы Бурцевой. Она – единственная в Казахстане художница, которая создает свои картины не из красок, а из лоскутков шелка при помощи плавления огнем.

лет участвовала в 52 различных выставках и конкурсах, прошло 10 её персональных выставок. Выставка в Российском центре науки и культуры, которую автор назвала «Надо жить летаючи», уже одиннадцатая. Работы художницы находятся в частных коллекциях Казахстана, России, Белоруссии, США, ФРГ, Чехии, Голландии, Кыргызстана, в государственных музеях Республики Казахстан.

Известность Светлане Каратаевой принесли работы в уникальной технике – живописи огнем по шелку, позволяющей передавать тончайшие нюансы цвета.

Создание полотен методом наложения и плавления искусственных тканей – шелка, атласа, парчи, органзы – позволяет создавать уникальные картины, в которых из ненужных лоскутков старых платьев, кусочков платков, лент и т. д. рождаются прекрасные образы. Часто это натюрморты с цветами и фруктами, пейзажи, картины-фантазии. На одну работу может уходить до полугода, однако результат уникален, так как повторить работу невозможно, ведь такую же ткань просто уже не найти!

«Очень рада, что вновь оказалась в Астане, выставляя свои новые работы в этом уютном, гостеприимном зале. Хочу порадовать новыми произведениями и пожелать всем солнца, тепла, долгожданной весны, настроения», – сказала художница.

Светлана любит экспериментировать с различными техниками и материалами. Она

в технике батика, графике, фелтинг. Необычные свойства шерсти как материала для художественных панно и одежды – это новое увлечение художницы, которая создает яркие декоративные изделия, используя пластику шерстяного полотна.

Тематика произведений С. Каратаевой необычайно широка: от стилизованных изображений по мотивам рисунков древних людей до женских портретов, от декоративных натюрмортов до абстрактных композиций, от романтических пейзажей до реалистических картин с изображением животных.

Один из старейших художников Костанайской области, заслуженный художник Казахстана Георгий Соков отметил, что работы художницы оригинальны и показывают возможности автора как хорошего тонкого колориста: «Работы очень тонкие по цвету. Картины богаты нюансами, но везде присутствует романтичность и чисто женское восприятие природы, которое выражается именно через цвет. Несмотря на то, что чувствуется одна рука автора, в каждой работе есть свое настроение».

Выставка сопровождалась дефиле моделей в костюмах, созданных художницей.

И это не случайно: вернисаж Светланы Каратаевой, с её сугубо женским мировосприятием, состоялся в канун замечательного праздника – Международного женского дня 8 Марта. Такой подарок художницы и Российского центра науки и культуры получили женщины столицы.

**Дмитрий НИКОЛАЕВ,
фото автора**

КОНЦЕРТТИ-ГАСТРОЛЬДІ БІРЛЕСТІК

Күмбірлетіп төгілетін күміс күй мен сазды әуеннің адам жанын тебірентетіні бар ғой. Тыңдаушысының жүрегінен шықпаған қайсыбір туынды жігерінді тасытпаса, қазақ өнеріне дақ түскені де. Ал, құрамына бірнеше ұжым енетін Астана қаласы әкімдігі мемлекеттік филармониясының бүгінгі таңда жеткен жетістіктері біршама ауыз толтырып айтарлықтай. Аталмыш филармонияның ерекшелігі де сол – өнер ордасының шаңырағы концертті-гастролді бірлестік деп те аталынады.



Өнер орталығындағы ұжымдар әу баста бірден қосыла қойған жоқ, олар бірлесіп біртіндеп бір шаңырақтың астына жиылды. Әншілері мен бишілері, әр түрлі бағыттағы музыканттар осылайша бірігіп жұмыс жасауды көздеген. Шығармашылық ұжымның ашылғанына да он бес жылдың жүзі болған екен. Осы жылдар аралығында филармонияның құрамында он екі ұжым қызмет етіп, әрқайсысы өзіндік жоспарларын ойдағыдай атқарып келеді. Бір айдың ішінде жиырмаға жуық концерттер көрермендер назарына ұсынылып, әрбір ұжым ұлттық нақыштағы шығармаларды орындауды басты назарға қойған. Мәселен, Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди сынды қазақтың талантты композиторлардың шығармаларын орындау дәстүрге айналған. Мекеменің алдына қойған мақсаттарымен бірге, болашақ жұмыстарының жоспарында біршама өзгерістер енген.

Бұл жөнінде Астана қаласы әкімдігі Мемлекеттік филармониясының бас директоры және көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Сәкен Сейітқалиұлы Әбдрахманов бізге бірген сұхбатында мәлімдеді:

– Біздің мекеме биылдан бастап іс-тәжірибе жүргізуді қолға алғалы отыр. Қазақ композиторларының бұрыннан келе жатқан опералық негіздегі туындыларын концерттік нұсқа бойынша жүзеге асыру ұйымдастырылмақ. Осы бағытта филармонияның симфониялық оркестрінің және Баку опера әншілері бірлесіп, Еркеғали Рахмадиевтің «Алпамыс» атты операсын көрермен назарына ұсынуды жөн көрді. Бұл мақсаттағы жұмыс мамыр айында ұйымдастыру жоспарлануда. Келер жылы қазақтың асыл азаматтарының бірі Нұрғиса Тілендиевтің тоқсан жасқа толу мерейтойын

атап өтуге байланысты концерттік бағдарламалар мен байқаулар ұйымдастырылып, фестиваль өткізу де жоспарда тұр. Ол кісінің «Алтын таулар» атты опералық шығармасын концерттік нұсқада орындау ісі жоспарға енді. Наурыз айының ортасында «Нағыз қазақ – домбыра» атты концерт берілгелі отыр. Бұл концерттің мақсатында ата-бабамыздың қасиетті қара домбыраны қалай қастерлегені жайында насихаттау болмақ. Қазақтың киелі домбырасын әспеттеп, құрметтеп, осылайша арнайы бір концерт ұйымдастырамыз деп шештік. Осы концертті өткізуге байланысты дайындалу барысында біршама мәліметтерді қарастыра отырып, Ақселеу Сейдімбектің кітабын пайдаландық.

Филармонияның концерттік маусымдары өз кезегінде бірнеше бағыттағы жұмыстарды атқарып жүргені белгілі. Театрландырылған қойылым мен жеке музыкалық нөмірлерде болсын қандай да бір шығармаларды орындауда зор талаптар қойылады. Құрманғазы

мен Динаның, Сүгірдің шығармаларымен бірге, шетелдік композиторлардың туындылары да жиі орындалып келеді. Демек дәстүрлі туындылармен бірге, классикалық шығармаларды орындау ісі де үнемі назарда. Бұдан әрі өз ойын жалғастырған мекеме директоры:

– Сәуір айының басында Н.Тілендиевтің «Әлқисса»



атты концерттік бағдарламада симфониялық оркестр мен қазақ ұлттық аспаптарының оркестрі, классикалық вокал, камералық хор мен «Шалқыма» ұлттық би ансамблінің қатысуымен елімізде тұңғыш рет концерт берілгелі отыр. Концертті жүйелі түрде өткізу маңыздылығын ескеріп, көзі тірісінде ол кісімен жұмыс жасаған жандармен ерекше жұмыс жасау басты назарға ілікті. Мәселен, Б. Төлегенова, Н. Нүсіпжанов, Б. Самединова және т. б. әншілер бұл концертте тек әнді орындап қана қоймай, әннің шығу тарихына да мән бермек, – деді.

Астана қаласындағы тұңғыш кәсіби шығармашылық ұжымдардың бірі саналатын мекеменің шетелдік гастролдік сапарларға шығуы да жиілеп келеді. Шетел азаматтары қазақ музыканттарының шеберлігін байқап қана қоймай, қазақ өнеріне сүйсініп жүретіндіктерін айтып, алғыс білдіріп жүреді екен.

Бір жылдың ішінде аз дегенде 2–3 ұжымды шетелдік гастрольға жіберіп тұру жоспарланған. Шетелге шыққанда мекеме ұжымы бірден шетелдіктерді таң қалдаратындай қазақтың домбырасы мен қобызының үнін тыңдатқызуды өз жауапкершіліктеріне алған. Мәселен, «Шалқыма» ұлттық би ансамблі жақын арада Түркия мемлекетіне алты күнге гастролдік сапарға шығып, бишілер фестиваліне қатысқалы отыр. Сонымен қатар, Хорватия мемлекетіне симфониялық оркестр мен камералық хор Рига жерінде 7000-нан аса адам қатысатын фестивальге гастролдік

сапармен бармақшы. Филармония ұжымы осылайша қазақ өнерінің биік шыңға көтерілуі үшін жеткен жетістіктерімен шет мемлекеттерге көрсетуін мақтанш деп санайтындары сол себептен.

Осы бір риясыз көңілмен бөліскен мекеме директоры Сәкен Сейітқалиұлы қазақ өнерінің дамуы барысында кездесіп отырған мәселелер жөнінде де айтты.

– Мен неге екенін білмеймін, эстрада әншілерін мүлдем қазір тыңдай алмаймын. Ең бірінші кезекте әрбір мемлекеттің өзіндік дәстүрлі әндері болуы керек. Дүние жүзі мемлекеттерін дәл осындай ұлттық нақыштағы сазды әуендермен және ұлттық аспаптармен ғана таңқалдыра аламыз. Күміс күй тек біздің халықта ғана бар. Жастар музыканың шулы түрлерін ғана тыңдап және әуестенуге құмар деп айтып жатады. Бір ғана мысалмен ғана қарасытырып алатын болсақ, қазір бұрынғы кездегідей музыкалық абонемент



беру көзделмеген. Ұлттық нақышқа үйретуді балабақшадан, мектептерден бастайтын болсақ, халық дәстүрі кең жолда дамыми бермек.

**Марина ГАРБУЗ,
филармонияның бас режиссеры:**

– Филармонияның жеткен жетістіктері жайында бірнеше жылдардан кейін айтуға тура келетін шығар. Себебі, мемлекеттік филармония бірінші кезекте тәрбиелі, білімді қызметтерінен кейін халықтың көңілін көтеру міндеттерін атқаруды қолға алған. Ал жекелік тұлғадағы жетістіктерге келсек, бізде көптеген мемлекетімізге еңбегі сіңген мәдениет қайраткерлері қызмет етеді. Филармониядағы әрбір қызметкерлерді өзінше тұнып тұрған талант десек те болады. Біздің қызметіміз тек адамдарға жақсы көңіл күй сыйлау болғандықтан, үнемі оң көзқарас таныту мақсатында жүргендіктен, ел-жұртқа үлгі бола білуіміз керек. Филармонияның өте қызықты жобаларына келер болсақ, барлық жанрда жұмыс жасап келеді. Осыдан екі жыл бұрын мынадай қойылым болды. Ш. Аймановтың «Тақиялы періште» қойылымын қоярда, біздің барлық шығармашылық ұжым тартылды. Бұл қойылымның қызықтылығы соншалықты, би де, әуен де, актерлық шеберлік те сомдалды. Себебі, музыка тек адамға жақсы көңіл-күй сыйлап қана қоймайды, адам жанын тебіренге түседі. Музыка – театрландырылған қойылымда бірінші кезекте рөл атқарады. Балаларға арналған «Шелкунчик» қойылымы да кішкентай көрерменді бірден өзіне назар аудартады. Бұған қарап, біз өз жұмысымыздың еңбегі жанғанын байқадық. Жеткен жетістігіміз жайында әңгіме қозғалар болса, көрермендерден сұрағанымыз дұрыс болар. Шығармашылық ұжымның қойған музыкалық шығармасы мен сахналық қойылымы олардың жүрегінен орын алды ма, жоқ па? Себебі, біздің музыканттар бір мақсатта жұмыс жасайды. Біздің мамандығымыз – біздің еңбегіміз. Бұл біз үшін өте маңызды. Бір шығарманы орындау үшін қаншама дайындық, қаншама күш керек. Әрбір музыкант тек музыка үшін өмір сүргенде ғана көрерменге өзі орындаған туындысын дұрыс жеткізе алады. Музыка адамды тәрбиеге итермелейді.



Қазақ халқының рухани және мәдени өмірінен сыр шертетін әншілік, күйшілік дәстүрдің жетегімен жүрген мемлекеттік филармония халықты шығармашылық табыстарымен осылайша қуанытып жүр. Ән мен жырға бөлеген мекеме ұжымы халықтың әнін, халықтың күйін інжу-маржан туындыларымен ұлттық дәстүрлі түрде жеткізуді санайды. Себебі, қазақтың әні мен күйін халқымыз көне заманнан бері қалыптастырып, асыл қазынаға айналдырды. Ұлттың болмысы мен көңіліндегі сағынышын, нәзік сезімі мен қызық қуанышын қазақтың сан ғасырлық өнерінің даму тарихының бар екендігін көрсету мекеменің күнделікті жұмыс жоспарына айналғалы қашан. Тек сол бір үрдістен ауытқымай, ел ішін өнер кенішіне әсер ететін маңызды факторларға жеткізе білсе, болғаны.

Әсем САҒИДОЛЛА



Тортай Сәдуақас

ТҮРКІСТАН



Түркістан – елге тірек болған аймақ,
Қойнауы толған мұра, толған айғақ.
Бұл жерде ел қорыған ерлер өткен:
Кеудеде намыс-жігер, қолда – байрақ!..

Ерлікке куә болған ғасыр мұнда,
Бірлігім барда жатқа бас ұрдым ба:
Есімде – Есім ханның ескі жолы,
Қасымда – қасқа жолы Қасымның да!..

Ержүрек сол халықтың ұрпағы мен,
Оянған бейбіт күннің нұр таңымен;
Түркістан түгендеген түркі әлемін,
Әйгілі болған Әзірет Сұлтаныммен!..

Түркістан – түп-тамырым, бұлағымдай,
Түркістан түмен баптың тұрағындай.
Түркістан – тұғырындай елдігімнің,
Табылмас құтты мекен, сірә мұндай?!

АТАМЕКЕН

«Атамекен» – Қазақстан картасы –
Бедерленген елдің тауы, жартасы;
Әр өңірдің тұнып тұрған сыры бар,
Мұның бәрі азаттықтың арқасы!

«Атамекен» – туған елдің бейнесі,
Кең даланың кемел пішкен көрмесі:
Абай, Ақан, Құрманғазы, Сүйінбай –
Шерткен сырлы домбыраның пернесі.

«Атамекен» – жақсы үйлесім, жарасым,
Сомдап салған елдің әрбір қаласын;
Сергітеді суреттері сезімді,
Серпілтеді жас ұрпақтың санасын!

«Атамекен» – елдің кейпін сомдаған,
Сол арқылы тарих сырын толғаған;
Оны шолып, қанаттанар жас талап,
Қыран сынды көкке қанат қомдаған.

«Атамекен» – бабалардың арманы,
«Атамекен» – балалардың талғамы;
Танытып ол тәуелсіздік тұғырын,
Болшаққа ел мұратын жалғады.

«Атамекен» – адамдардың аңсары,
Өрнегімен ынтықтырған барашаны.
Қазақстан – алып құрылыс алаңы,
Салынады мектеп пен үй қанша әлі!..

«Атамекен» – жасампаз ел тұлғасы,
«Атамекен» – жас ұрпақтың сырласы.
Замананың қолтаңбасы ол бүгін,
Білгірлікпен сомдап берген Елбасы!

«Атамекен» – Астананың ажары,
Жаңа өмірдің шаттық толы базары.
Мақтанышпен масаттана қарайды,
Адамдардың ауғанда оған назары!

«Атамекен» – ажарлы бақ, гүлстан,
Ел жауһары жиналған әр ұлыстан;
Бақ тілеуі, ақ тілегі бұл елдің,
Арман қуған, тілек қосқан, ұғысқан.

«Атамекен» – қасиеті оның көп тегі,
Астананың сырға толы ол бөктері;
Жаңа ғасыр бақшасында жайнаған,
«Атамекен» – Қазақстан көктемі!..

МҰРАЖАЙ – ҒАСЫРЛАР ШЕЖІРЕСІ

Мұражай үні. Бұл өзі өте ерекше үн. Барлық адамзат қауымын ойға салдыратын, тамаша сазды үн... Неге біз мұражай үні деп алып отырмыз? Ханның сарайындай жарқыраған ішкі және сыртқы келбетінде сол бір әуен үнемі естіліп тұратындай. Мұражай есігін ашқан жанның дәл сондай сазды әуенді сезінбеуі мүмкін емес. Себебі, мұражайдың ішінде ғасырлар шежіресі жатыр, әдемі әуезді үн тербеледі. Өмірдің баға жетпес қазынасы болар халықтың зердесі сайрап тұр. Оған қоса тәрбие және білім беретін орданың бірі ретінде саналуда.



Президенті мұражайының орталық басшысы Нұржамал Шырымбаева Алдиярқызы былай дейді:

– Бүгінгі таңда мұражай қызметінде жаңа технологиялар пайдаланылып, көрме экспозицияларын одан әрі дамыту көзделген. 2005 жылы ашылған аталмыш мұражай көрме экспозициялары мен жәдігерлерді жасақтауда ақпараттық технологияларды жүйелі түрде қолдану үшін республикалық және облыстық мұражайлармен тығыз байланыс орнатылды. Яғни,

Президент әкімшілігінің бұрынғы резиденциясына орналасқан ҚР Тұңғыш Президенті Мұражайын осы бағытта қарастырып көруге болады. Аяқ басқаннан-ақ, сәулетті ғимараттың сәулелі көріністері Елбасының көздеген мақсаттары екендігін бірден байқата қояды. Бір ғана мысал, төменгі қабатта орналасқан «өмір ағашы» атты көрініске назар аударайық. Бұл өмірлік күш пен энергияның символын суреттейтін танымдық белгі. Қазақ елінің рухани және материалдық байлығы іспеттес егеменді еліміздің дамуын көрсететін құнды жәдігер. Ағашта бейнеленген барыс бейнесі тағы да қазақ мемлекетінің асқақ зор мәртебесі мен жүрек жұтқан қайсар халық екенін әлемге паш еткендей. Бұл жөнінде ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Тұңғыш

әдістемелік көмектер мен алға қойған бағыттары бойынша жұмыс жасау мақсатында ақыл-кеңестер беру ісі де басты назарға қойылды. Мұражай қорынан ұйымдастырылған көрмелердің идеясы мен мазмұнын ашуға байланысты өзіміздегі мұражай қорын пайдалана отырып, облыс мұражайларынан әкелінген жәдігерлерді көрмеге қою ісі дәстүрге айналған. Мәселен, былтыр «Түркі әлемі» атты көрмеде барлық облыстарда орналасқан мұражайлардың жәдігерлері көрмеге келушілердің назарына ұсынылып, халықтың ықыласына бөленді. Көрме аяқталғаннан кейін, осы өткізілген көрмелер жөнінде өзге облыстық мұражайларға ақпарат жіберілді. Сонымен қатар, 1 ай бойы тақырыптық экскурсия жүргізілді. ҚР Тұңғыш Президенті Мұражайы жұмыс жасауға ыңғайлы болу үшін қызметтің дәл осы түрін ойлап тапқан болатын. Себебі, сол облыстық мұражайлар қызметі біз бастаған жолды дәстүрлі түрде жүргізуді қолға алды. Біздің мұражайдың осындай жоғары дәрежеде жұмыс жасап жатқанын біз мақтанышпен айта аламыз әрі, экспозициялық қызметті жан-жақты, ауқымды түрде жетілдіру бағытында жүзеге асыру міндеті жүктеліп отыр.

Бүгінде мұражайдың алдына қойған мақсаты да ауқымды. Соның ішінде мұражай өз жұмысын бірнеше бағытта жүргізіп келеді. Атап айтқанда, заманауи мұражайлық және ақпараттық технологияларды енгізу арқылы мұражай жинақтарын топтастыру, ғылыми бағыттарын дамыту, экспозициялық-көрме қызметіндегі инновациялық әдістерді дамыту, дәстүрлі экскурсия қызметін жетілдіру. Осы бағыттар арқылы мұражай мектеп оқушылары мен жастарға ұлттық-патриоттық тәрбие